



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс [2].

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ [3].

Бұл халқымыздың алдында жаңа көкжиектер кеңістігін ашып, елімізді сапалық жағынан жаңа даму деңгейіне шығаратыны сөзсіз. Біз технология мен инновацияға, жаңа экономика салаларын дамыту мен заманауи инфрақұрылым құруға баса мән бере отырып, кез-келген халықтың дамуында баға жетпес рөл атқаратын рухани негіздерді де естен шығармауға тиіспіз. Жоғары білімді әрі рухани жағынан бай адамдар ғана уақыттың жаңа сын-қатерлеріне жедел ден қойып, шұғыл шаралар қабылдауға, батыл қадамдар жасауға қабілетті болмақ. Сондықтан, Елбасымыздың Рухани жаңғыру бағдарламасы қоғам дамуына тың серпін беріп, әрбір азаматты алға жетелейтін тарихи күшке айналдырып сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан.2017. 12 сәуір.
2. Д.А.Сейданованың «Формирование полиязычной личности учащихся начальных классов в условиях обновления содержания образования»
3. Ж.А.Ускенбаеваның «Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдаудың психологиялық жүйесі».

УДК 93/94

ҚОЙШЫҒАРА САЛҒАРАҰЛЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ТҮРІК ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҮЛЕСІ

Жумадилова Карлыга Адилкызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Т.С.Садықов

Көне дүние тарихының білгірі, жазушы-ғалым Қойшығара Салғараұлының еңбектерінің басым бөлігі тақырыбымыздың зерттеу объектісіне айналдырып отырған ежелгі түрік тарихын

зерттеуі болып табылады. Қ.Салғараұлының еңбектерінің құндылығы ежелгі және ортағасырлық далалық империялардың тартысты да талайлы тарихының жаңаша көзқараспен жазылуында болып табылады. Терең тұжырымдар мен байыпты пайымдаулар әр еңбегінде орын алған. Еуропацентристік бағыттағы көзқарастарды қалыптастырған ғалымдардың еңбектерінің ақ-қарасын саралай келіп, бұрынғы қағидалардың шеңберін бұзып, соны пайымдауға жол ашқан. Түпнұсқалық деректерді пайдалану арқылы жаңаша пайымдалардың негізін салған.

Адам баласы өзін-өзі танып-білуді қажетсінген күннен бастап, жаратылыстың бастауларын неден пайда болғанын зерттеуді бастаған.

Әлем халықтарын шыққан тегінің, сөйлеген тілінің ортақтастығына қарай топтағанда, солардың бір бөлегін қазір «түрік тектес», «түрк тілдес» деп бір шаңырақтың астына біріктіре атау кеңінен қолданылып жүр. Бұл былайша айтқанда, әлгіндей аталған халықтардың бәрінің шыққан түпкі тегі де, тілі де түрк дегенге саяды. Қалай дегенде де, әйтеуір біздің бүгінгі қолданыстағы ұғым-түсінігіміз осындай.

Осы орайда алда айтылар ойды дұрыс түсіну үшін, алдымен, бірер мәселенің басын ашып алуға тура келеді. Оның алғашқысы «шыққан тегі» деген тіркестің ұғымдық мән жөнінде.

Тарихта белгілі бір халықтың «шыққан тегі» дегенде, кім-кімнің болсын, әдетте, енгіме сол халықтың жаратылыс бастауының бірлігі туралы болып отыр деп ойлайтыны анық. Бірақ бұлай ойлау шындықпен үйлеспейді. Себебі бір тектен яғни бір атадан (тұқымнан) жаратылып өсіп-өніп тұтас бір халықты құрап отырған халық бұл заманда болған емес және болмайды да. Өйткені қазіргі бір тектес деп жүрген халықтардың қай-қайсысы болса да кезінде әр түрлі тарихи-әлеуметтік жағдайлардың әсер-ықпалымен біріккен түрлі тайпалардан құралған. Сондықтан бұл күнде олардың бастапқы тектік құрамын анықтау еш мүмкін емес. Олардың кез келген жаратылыс бастауы, бүгінгі санының аз-көбіне қарамай, бүкіл адамзат баласының жаратылыс бастауымен тамырласып жатыр. Ешбір халық ғайыптан пайда болмаған көктен салбырап түспеген, жерден қаулап өніп шықпаған. Бәрі де, егер ғылымның айтуы рас болса, сол жоғарыда айтқан, бір(бәлкім, бірнеше) Ата-гомонидтің ұрпағы[1].

Жалпы түрк халықтарының шыққан тегі жөнінде әлі күнге басы ашылып, ақиқаттығын әлем жұртшылығы мойындаған нақты тұжырым жоқ Оны қазіргі таңда бірін-бірі жоққа шығаратын екі тұжырымның қабат өмір үріп келе жатқаны да растайды Оның бір осы күнге н үстем кке ие болы аркасында ресми тарих ғылымына енген түрктердің тегін Алтайдан шығарып, олардың Қазіргі Түрк тектес халықтар мекендеп отырған өңірлерге тарауын Халықтардың ұлы Қоныс аударуымен байланыстыратын тұжырымдама. Бұл бойынша халықтардың ұлы қоныс аударуына дейін Шығыс Еуропаны да, Батыс Сібірді де, Қазақстанды да, Орта Азияны да, Орталық Азияның батыс бөлегінде, Кіші Азияны да тек үнді-еуропалық тілде сөйлейтін тайпалар ғана мекендеген, былайша айтқанда, киммерлер де скифтер де, сарматтар да, сақтар да — бәр-бәрі үнді-еуропа тілінде сөйлеген халықтар болған. Тек саралай енгіме болғанда ғана скиф-сақтарды иран тілдес халықтар тобына жатқызады. Мұндай тұжырымның түпқазығын қағып түпбауын байлаушылар, негізінен, өздерін үнді-еуропалықияз деп санайтын еуроцентристік бағыттағы ғалымдар. Екіншісі-бұған түбірлей қарсы тұжырымдама. Бұлардың пайымдауы бойынша, әлгі аталған халықтардың бәрі түрк тектес халықтар және олар ешқайдан ауып келмеген аталған өңірлердің байырғы тұрғындары. Бұл тұжырымының түпқазығын қағып, түпбауын байлаушылар түрк тектес халықтардан шыққан түріктанушылар. Бұлардың үні, әсіресе, соңғы кездері КСРО ыдырап, Кеңес өкіметі құлағаннан кейін анық та батыл шыға бастады. Екі тұжырымның қайсысы дұрыс Аталмыш халықтардың шығу тегі жөніндегі бүгінге дейінгі пікір таластардың тәжірибесіне үнілсек, дәл қазір бұл сауалға нақты жауап беруге ұмтылудың қажеті Өйткені б арада мынау дұрыс », « анау бұрыс » деу шындыққа жол бермейді. Онан да ортақ іс мүддесі үшін төрелік айтуды уақыттың үлесіне қалдырып, моселен одлдікпен шешуге себесні тиер, нақты дереке негізделген пікір болса, соны ортаға салған жөн.

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде түрк халықтарының шығу тегіне қатысты ақиқатты бірдеме айту үшін, меніңше алдымен мына сауалдарға жауап берілуі керек сияқты. Айталық түрік деген атаудың өз кайдан шыққан Ол әуел бастан-ақ халықтық атау ретінде өмірге келген бе. әлде көшпелілер өмірінде кездесе беретіндей, алдымен кісі есімі болып, кейін содан барыш халықтық атауға айналған ба ? Егер ол әуелде кісі аты болса онда олардың оған дейінгі атауы қалай? Ал ол әуелден халықтық атау болса онда оның атаулық мағынасы, сөздік мәні қандай? Оның, яғни түрктің бүгінгі таңда бірнеше мемлекетті құрап отырған толып жатқан түрлі халықтардың тектестігіне тілдестігіне негіздік танытар атауға айналуының себебі не?

Бұл сауалдарға да, өкінішке қарай, әзірге бір байламға келген нақты жауап жоқ, өйткені, бұл мәселе бұған дейін сөз ретіне қарай жол үсті әңгімеленгенә болмаса, дәл осындай талап деңгейінде арнайы күн тәртібіне қойылған емес. Сондықтан бар деректерді байыптай талдай отырып, кіндігінше, бұл сауалдарға жауап беру күннің асты міндет оны түрк халықтары тарихының тарихи шындығына көз жеткізу қиын сол себеп бұл тұрғыдағы буелгі сөзді түрік атауын төркіндетуден бастағанды жөн кердик[2].

Қ.Салғараұлы өзінің «Түріктер (Тужию). Жыужандар» [3] атты еңбегінде көне қытайдың бес әулеттік шежіресі мен «Дзы джи Тун жиэн» атты жалпы тарихындағы ортағасырлық түріктер мен жыужандардың тарихына қатысты материалдар енгізген.

Түріктанушы ғалымдардың қытай дерегіндегі сиунну халықтарын неліктен «түрік» деп тануының себеп-салдарына үңілу арқылы айтылған ойдың дұрыстығына одан әрі көз жеткізе түсеміз. Енді соған назар аударалық.

Себепсіз салдар болмайды. Олай болса, бұл арада қазіргі ресми тарих ғылымының сиунну халқын мыңгүлдемей, «түрік» деп қабылдауының, кезінде ғалымдардың осындай тұжырымға келуінің де өзіне тән себебі болғандығын ескермеу — сыңаржақтылыққа соқтырмақ. Сондықтан ненін неден болғанын нақты біліп, ұғымның дұрыс қалыптасуы үшін, азды-көпті қайталауға ұрынатынымызға қарамастан, алдымен, осы себептерге тоқтау парыз. Бұл реттегі әңгімені узакка созбас үшін мәселенің түйініне тоқталсақ, менің пайымдауымша, тарихшылардың сиунну халқын « түріктер » деп танып, ғылымға енгізуіне мынандай төрт себеп негіз болған тәрізді

біріншісі — зерттеушілердің еуропалық таным-түсінікпен скиф сақ халықтарын бірыңғай үнді-еуропат тілінде сөйлеген халықтар деп қабылдап, түріктекес халықтардың ата тегін тек Орталық Азиядан ғана іздеуі;

екіншісі-сиунну халықтарынан жеткен деп танылған ондаған көне сөзді тілші ғалымдардың бірауыздан түрік тіліне жатқызуы, яғни « сиуннулар түріктілдес халық » деген қорытындыға келу;

үшіншісі — Н. Я. Бичурин айтатын «Азия тарихшыларының» (Рашид ад-Дин, Хондемир, Әбілғазы және т.б) даланың ауызша тарихының дерегіне сүйене отырып, шежіре тарқатқанда баяндалған Түрік ханның кейінгі ұрпағы Оғыз ханның іс-әрекеті (Абульгази Бахадур хан. Родословное древо тюрков. — М. Т.-Б., 1996. — Стр 18-21) мен сиуннудың атақты чэниүй Маудунның (Мөденін, Муден Метенің бүкіл іс-әрекетінің (Хэн кітабы қараңыз : Сиунну. – А., 1998 — 32-34 бб.) бір-бірімен дәл келуі: екеуі де әкелерін өлтіріп таққа отырады, содан кейін екеуі де әуелі шығыстағы, содан соң батыстағы көршілерін жаулап алады, осыдан кейін екеуі де Қытайға шабуыл жасайды... осылай жалғаса береді. Осыларға қарап, Азия тарихшылары дерегіндегі Оғыз хан мен қытай жазбалары дерегіндегі Маудун чэниүй екеуі бір адамдеген пайымдаулардың өзіндік ықпал етуі;

төртіншісі — осы Оғыз хан мен Маудун чэниүйдің кейінгі ұрпақтарының бастан кешкен оқиғаларының да бірдейлігі. Мысалы Оғыздың ұрпағы мыңгүлдың Ел-ханының Ил-ханының билігі тұсында оның елін татардың Сүйініш ханы шауып, адамдарын түгел қырғына ұшыратады. Осы қырғыннан аман қалғандар бір тауға қашып барып, оның адам аяғы жете бермейтін, жан-жағын биік шыңдар қоршаған кен алқабын тауып, сонда тұрақтайды. Олар бұл жерді « Ергене-коно (дұрысы «Ергенек – көң болуы керек – Қ.С.) деп атап, осында 450 жыл

өмір сүріп, әбден өсіп-өніп үлкен күшке айналған соң сыртқа шығып, басқа жұртқа танылады[4].

Бұл күнде ресми тарихта бүкіл түрік халықтарының ататегі деп танылған соған орай бүгінгі қазақ халқының халықтық негізін қалыптастыруға тікелей қатысы бар деп есептелінетін ежелгі (хунну ғұн халықтары туралы сиунну) соңғы екі - үш ғасыр төңірегінде үзбей жазылып келеді. Бұл ретте, басқаны былай қойғанда, тек олар жөнінде әр кезеңде қалам тартқан әр елдің арғы - бергі зерттеушілерінің есімдері мен солар жазған еңбектердің тізімінің өзінен - ақ бір кітап құрастыруға боларлықтай. Алайда, осыншалықты көп зерттеліп көп жазылғанына қарамастан, әлі де болса сиунну халықтарының тарихы толық танылып, шыққан тегі анықталып, кімнің кім екенінің басы ашылып, нақты айқындыққа жетідей алмаймыз. Оның өзіндік себептері де бар. Рас, соңғы кезде көптеген ғалымдар қолдарында айғақты нақты дәлелдері болмағанымен, жазба дереккөздері арқылы жеткен, сол сиунну халықтары өмір сүрген замандарда болған оқиғалардың болмысына, солар беретін жанама мағлұматтарға сүйене отырып, « сиунну тілі — алтай тілі жүйесіндегі бір тілдің ұясына жатады » деген тұжырымға қорыған тәрізді. Бірақ талдай бастасаң, мұның да нақтылығынан жалпыламалығы жорамалдығы басым. Өйткені, сиунну тілінің алтай тілдері жүйесіндегі тілдердің нақты қайсысына (түрік пе, моңғол ма, татар ма, тунгус па) жата Тыны жөніндегі тілші ғалымдар арасындағы пікірталасының соңғы нүктесі қойылып, ғылыми зерден қанағаттандыра төрелігі әлі берілмеген. Бұған сиуннулардың қай тілде сөйлегендеріне айғақ болар олардың өздерінен бір де - бір жазба деректің қалмауы себеп болып отырғаны тағы аян. Соның салдарынан, жоғарыда айтылғандай, ғалымдар сиунну тіліне берілген анықтамада оның нақты қай тілге жататынын анық көрсете алмай, әйтеуір « Алтай тілі жүйесіндегі бір тілдің ұясына жатады » деп жалпылауға мәжбүр. Тек жеке ген ғалымдар ғана « сиуннудің тілі — түрік тили » дегенді айтады. Мысалы Ю. Клапрот, К. Риттер секілді біраз зерттеушілер бізге жеткен, сиуннудікіде лінетін ондаған сөзді зерттей келіп, сиуннулардың тілі түріктілі болған де ген келеді. Бұл тұжырымның іргетасы 1982 жылы Монголияның тұжырымға. Бұлғын аймағындағы өвгент бөктерінен монғол археологтары тапқан бай олжадан кейін одан сайын бекітүскен секілді. Қалай болғанда да, әзірге « сиуннулардың тілі түрік тілі болған » деген бұл тұжырымды ешкім теріске шығара қойған жоқ, шығармайтында болар[5].

Сонымен қорытындылай келе Қ.Салғараұлының тарих туралы түсінігі, ізденісі әдеттегі көп сұрлеуден бөлек. Ол кісінің негізгі нысаны – көне түрік тарихы. Тарих – идеологияның негізі. Тарихты тану деген ол – халықты тану. Тарих – біздің ата-бабамыздың өмірбаяны, басынан өткерген оқиғаларының, атқарған іс-әрекеттерінің шежіресі. Бұл шежірені білмесек, біз кез келген жерде кешегі аталарымыз жіберген қателіктерді қайталап, солардың құлаған жеріне келіп, сүрінген жерінде сүрінуіміз мүмкін. Ол көштен қалдырады. Насихат керек. Барды бағамдап, дер кезінде әділ төрелігін айтып, саралап отыратын тарих сыны керек. Ұлттық мүддені ұлықтайтын сана керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Салғараұлы Қ. Түріктер. Астана: «Күл тегін»-2007. -308б.
2. Салғараұлы Қ. Ұлы қағанат. –Астана: Фолиант, 2008. -552 б.
3. Түріктер (Тужио). Жыужандар. Құраст. Қ. Салғараұлы. – Алматы: «Санат», 1999. -314 бет.
4. Салғараұлы Қ. Тарихтың танылмаған беттері. Монография. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2016 – 254 б.
5. Салғараұлы Қ. Ұлы Дала. – Астана: Фолиант, 2013.-520 бет.